

«Жыл тәжірибеленушісі-2018»

Ақпан айынан басталған «Жыл тәжірибеленушісі-2018» байқауының қорытынды нүктесі қойылды. Бұл байқаудың басты мақсаты - біздің колледждің мамандық пәнімен тікелей байланысты методика, педагогикалық шеберліктерді меңгере алу, балаларға сабақ беру кезіндегі психологиялық яки, тәлім-тәрбиелік байланысты айшық білу, балаларға дұрыс репертуар таңдаудағы ережелер, сонымен қатар болашақта тәжірибеленуші студенттердің сабақ беру барысында өз ойларын балаға толық жеткізе білуі, яғни, тіл-байлығының жетік деңгейде болуын көздеген. I кезеңде қатысушылар сабақтың өту барысын арнайы түрде технологиялық карта бойынша талдаған болса, II кезең талабы сабақ барысын видео арқылы, яғни тәжірибелік әдіспен жоғары деңгейде көресете білу. Байқаудың соңында жеңімпаздар дипломдармен және ақшалай сыйақымен марапатталды. Қазылар алқасының төрайымы Павлодар қаласы маслихат депутаты және Павлодар облысы бойынша Қазақстан Іскер Әйелдер Қауымдастығы төрайымының орынбасары Аурика Дяк жеңімпаздарды құттықтап, Бас жүлде иегері Нұрғалиева Динараны дипломмен марапаттап, ақшалай жиырма мың теңге сыйақыны табыстады. Сонымен қатар, I, II, III орын иегерлері ақшалай сыйақыға, ал «Көрермен көзайымы» номинациясына ие болған қатысушы «Backstage» сұлулық салонынан сертификатқа ие болды. «Музыкалық колледж-дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені» ММ басшысы Серік Сыздықов жеңімпаздардың тәжірибе - жетекшілеріне алғыс хат пен демеушілер ұсынған сертификаттарды табыс етті. Әділқазы алқасының мүшелері: ІОҚ-ның өкілі, «ВАЙЯ-КА» компаниясының бас директоры Галина Долтес, Құрманғазы атындағы №1 БММ басшысы Ольга Бобровская, № 93 бала-бақшасының басшысы Жанат Абеева байқаудың қатысушыларына ықыласын білдіріп, тәжірибеленушілер арасында алғаш рет өткізіліп отырған бұл доданы ұйымдастырушы, Кешен басшысының Тәжірибелік оқыту жөніндегі орынбасары Эльвира Кошукке алғыстарын айтты. Сайыстың бас демеушілері «Империа» сауда үйі, «ВАЙЯ-КА» компаниясы, «Этуаль» сұлулық және эстетика үйі басшысы Галина Серафимоваға, «Backstage» сұлулық салонының басшысы Мария Актионоваға, «TopStar» фитнес-клуб желісінің басшысы Ольга Бульбаға, «Дом печати» ЖШС, «Крендель» кондитерлік компаниясының директоры Зинаида Пархоменкоға және Павлодар облысы бойынша Қазақстан Іскер Әйелдер Қауымдастығының өкілі Ғалия Хамитоваға алғыс білдіреміз.

Базалық балалар тәжірибелік музыка мектебінің менеджері:
Утемисова Салтанат Рысбекқызы.